«№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебі» кмм

# «Қыз Жібек»
# қыздар кеңесі



Қыздар кеңесінің төрайымы:
Адиханбаева М.Ж.

2024-2025 оқу жылы

***«№8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қыз Жібек» қыздар кеңесінің құрамы 2024-2025 оқу жылы***

| № | Аты-жөні | Қызмет лауазымы | Ұлты | Білімі | Мекен-жайы | Телефон нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Адиханбаева Муаттар | Кеңес торайымы | өзбек | жоғары | Абай | +77716752262 |
| 2 | Дустанова Робия | Ұйым мүшесі | өзбек | жоғары | Абай | +77751292830 |
| 3 | Тәжиева Феруза | Ұйым мүшесі | қазақ | жоғары | Аққорған | +77021763284 |
| 4 | Талапова Новбахар | Ұйым мүшесі | өзбек | жоғары | Абай | +77055761028 |
| 5 | Өміралықызы Мақпал | Ұйым мүшесі | қазақ | жоғары | Абай | +77020935423 |
| 6 | Бақтиярқызы Ақерке | Ұйым мүшесі | қазақ | жоғары | Абай | +77026119740 |

***БЕКІТЕМІН***
***Мектеп директоры:***
***_____________ м.ұ.а. Бегайс А.***

## *«№8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қыз Жібек» қыздар кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары*

| р\с | Жұмыстармазмұны | Мерзімі | Жүргізілетін жұмыстар түрі | Жауаптыадамдар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | • Жаңа оқу жылының жоспарын бекіту<br>• «Қыз бала – отбасының шырайы» | қыркүйек | жиналыс | Мектеп әкімшілігі<br>«Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М.<br>Медбикелер |
| 2. | • Мектеп оқушы қыздарының бірыңғай формасында болуына қол жеткізу<br>• «Жыныстық жетілудің кезеңдері»<br>• «Мен өзімді мақтай аламын»<br>• «Күз аруы» байқауын өткізу | Қазан | Жиналыс, семинар, тренинг | ДТІЖО<br>«Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М.<br>Психологтар<br>Медбикелер<br>Тәлімгер |
| 3. | • «Оқушы қыздар формасы және хиджаб» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу; | Қараша | жиналыс | ДТІЖО<br>««Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М.<br>Сынып жетекшілер |
| 4. | • Қыздар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі<br>• Шаш өру – қазақ қызына тән» кезекті отырыс<br>• Қыз балалардың психикалық саулығын нығайту<br>• «Діни теріс ағымдардың алдын алу» баяндама | Жыл бойы<br><br>Желтоқсан | кездесу | ДТІЖО<br>«Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М.<br>Сынып жетекшілер..<br>Мектеп медбикесі<br>Дінтану пән мұғалімі |
| 5. | • «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» баяндама<br>• Бейне таспадан көрініс | Қаңтар | Аналар жиналысы | Мектеп әкімшілігі<br>«Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М.<br>Сынып жетекшілер<br>Медбикелер |
| 6. | • «Қыздар сұлу көрінер қылығымен»<br>• «Жыныстық қатынастан берілетін аурулар, жүктілікті болдырмау»<br>• «Өтініш және менің оған деген қарым-қатынас» | Ақпан | Сауалнама жүргізу (Пікірталас) | ДТІЖО<br>«Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М.<br>Сынып жетекшілер.<br>Психологтар: Байтасова К. Туякбаева С. |
| 7. | • Аяулы аналарға құрмет! | Наурыз | Тәрбие сағаты | ДТІЖО |

**«№ 8 Т. Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**
**жалпы қыздар жиналысының**

**ХАТТАМАСЫ №**

**Мерзімі:** 2024 жыл, 18 қыркүйек
**Қатысқан оқушылар :** 8-11 сынып қыздары
**Мектеп мұғалімдері:** 12
**Сынып жетекшілер:** 15

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. «Қыз бала – отбасының шырайы» . Баяндамашы: М.Адиханбаева
2. «Ерте жүктілік немен қауіпті?» . Баяндама педагог – психолог: С.Туякбаева
3.«Жыныстық жетілу» баяндама мектеп медбикесі: А. Сұлтанова.
3. Түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша «Қыз бала – отбасының шырайы» қыздар кеңесінің төрайымы Муаттар Адиханбаева баяндама жасады. Отбасындағы қыздардың орны ерекше екенін түсіндірді. Қазақ халқы қыз тәрбиесіне әрдайым аса назар аударған. Қызға қырық үйден тыю салып, жүріс-тұрысын қадағалаған. Абай атамыз: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» демекші, қыз бала тәрбиесі оның ата-анасына да байланысы бар екенін білдіріп тұрғандай. "Қызды жат жұрттық" деп қадірлеп, қашанда шаңырақ төрінен түсірмеген. Ертеңгі барған жерінде қызға сөз келмес үшін, анасы қызына бойындағы бар жақсы қасиеттерін сіңіруге тырысады. Жалпы, әрбір адамзат баласының тәрбиесі отбасынан басталатыны белгілі. Кейін мектеп қабырғасына ұласары сөзсіз. Міне, мектепте оқып жүрген қыз бала, ол – үйдегі ата-ананың көз қуанышы, мектепте ұстаздарының мақтанышы бола білуі тиіс екенін айтты.

Екінші мәселе бойынша «Ерте жүктілік немен қауіпті?» баяндама педагог- психолог С.Туякбаева оқыды. Онда бүгінгі күннің проблемасы тәрбиеден басталып жатқан жайы бар. Біз көз жұма қарап жүрген бұл өзекті мәселенің мән-жайынан қалың көпшілік хабардар. Өрімдей жас қыздардың басына түскен қасірет олардың өмірінде сызат қалдырады. Ашығын айтар болсақ , бұл күні жеткіншек қыздардың оң жақта отырып- ақ құрсақ көтеруі жиіледі. Бұрындары қысылғанда қуыс таппайтын құбылыс енді бір- екі жел сөзге ұласып, жабулы қазан жабулы күйінде қалатын болды.

Үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі А. Сұлтанова сөз алды. Жыныстық жетілу барысында ересек адамдарға тән дауыс үні қалыптасады. Қыздарда 11-12 жастан жыныс мүшелері дамиды.Қыздар жеке гигиенаны сақтауы қажет.

***Жарыс сөзге*** Н.Талапова сөзге шығып қыздардың тәртібінде өзгерістер байқалатынын қатаң айтып өтті. Қыздар бір жағдай болса түсінбеген болсаң, міндетті түрде мұғаліммен байланыста болуға әрекет жаса, өз сырыңды айтқың келетін мұғаліммен, педагог-психологпен бөліс деді. Жалғыз жүрмеңдер. Көшеге кешке жалғыз шықпаңдар, жолда да байқап жүріңдер.

Қорыта келе қыздардың жүріс- тұрысы, сөйлеу мәнері, киім киінуі, өзін ұстай білуі қарым-қатынас жасауының өз орны, өз шегі бар екендігі жөнінде кеңестер берді.

**Қаулы:**

1. Мектеп медбикесі қыз балалардың тәрбиесіне байланысты ерте жыныстық қатынас, ерте жүктілік, туралы алдын –алу жұмыстары жандандырылсын.

2. ДТІЖО, сынып жетекшілер, педагог- психолог қыз бала тәрбиесіне ата-аналар жауапкершілігін арттыру мақсатында ата- аналарымен түсіндіру, және «Қыздар кеңесі» жұмыстары үнемі назарда жүргізілсін.

3. Әлеуметтік педагог мектеп оқушыларының ата-анасымен байланыс жасауы, оларды бақылау назарда ұсталынсын.

Жиналыс төрайымы: М. Адиханбаева
Хатшы: Ш. Қилыбаева

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған»*<br>• «Ақылды қыз білімге жүгірер, Ақылсыз қыз сөзге ілігер» | | *(дөңгелек стол)* | «Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М. Сынып жетекшілер. Әлеуметтік педагог |
| 8. | • «Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» аналардың қыздармен әңгімесі<br>• Қыздарға арналған 40 кеңес | Сәуір | Аналармен кездесу | ДТІЖО «Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М. Сынып жетекшілер. Психологтар: Байтасова К. Туякбаева С. Медбикелер |
| 9. | • «Озар елдің қызметі мінезді келеді» пікір алмасу<br>• Қыздар ұйымының жылдық қорытынды отырсы | Мамыр | Жиналыс | ДТІЖО «Қыз Жібек» қыздар кеңесі төрайымы Адиханбаева М. Сыныпжетекшілер. Әлеуметтік педагог Абрахманова Ж. |

***«Қыз Жібек»* қыздар кеңесі төрайымы:** **Адиханбаева М.**

«№ 8 Т. Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# БАЯНДАМА

**ТАҚЫРЫБЫ: «ҚЫЗ БАЛА — ОТБАСЫНЫҢ ШЫРАЙЫ»**

**БАНДАМАШЫ: М. Адиханбаева**

**2024-2025 оқу жылы**

## «Қыз бала — отбасының шырайы»

**Мақсаты:** Қыздардың тәрбиесіне мән бере отырып салиқалы ұрпақ, ибалы қыздарды тәрбиелеу. Қыздардың отбасыдағы орнын білу, құрметтеу, аялау, қастерлеу.

Қазақ халқы қыз тәрбиесіне әрдайым аса назар аударған. Қызға қырық үйден тыю салып, жүріс-тұрысын қадағалаған. Абай атамыз: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» демекші, қыз бала тәрбиесі оның ата-анасына да байланысы бар екенін білдіріп тұрғандай. "Қызды жат жұрттық" деп қадірлеп, қашанда шаңырақ төрінен түсірмеген. Ертеңгі барған жерінде қызға сөз келмес үшін, анасы қызына бойындағы бар жақсы қасиеттерін сіңіруге тырысады. Жалпы, әрбір адамзат баласының тәрбиесі отбасынан басталатыны белгілі. Кейін мектеп қабырғасына ұласары сөзсіз. Міне, мектепте оқып жүрген қыз бала, ол – үйдегі ата-ананың көз қуанышы, мектепте ұстаздарының мақтанышы бола білуі тиіс. Тарихымыздың сан түрлі парақтарын ақтарсақ, қазақ қыздары мен қазақ әйелдері туралы, жалпы аналар әлемі туралы қалам тербемеген тұлғалар сирек екен. Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың қазақ қыздарына айтқан өсиет сөздері өте көп. Мәселен, «Адал перзент, асыл азамат боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар! Еңбекшіл адам ең ардақты адам», «Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар!», «Сұлу болыңдар, сымбатты болыңдар! Сонымен бірге саналы болыңдар!» «Инабатты болыңдар, ілтипатты болыңдар, ұйымшыл болып өсіңдер!».

Бүгінгі күні қазақ қоғамындағы қаракөз қыздарымыздың бойынан осы бір асыл қасиеттер табылады ма? Салт-дәстүр мен ұлттық сананы бойына терең сіңірген ибалы қыздарымыз бар ма? Әрине, қазақ қыздары қашанда сыпайы мінезді келген, сондай-ақ орынсыз мақтаудан сақ болған. Бір өкініштісі, технология дамыған заманда көгілдір экран мен қолдағы ұялы телефонның теріс әрекетінен кей қыздарымыз батыс халқына еліктеп бара жатыр. Сән қуамыз деп, беттеріне түрлі-түсті бояуларды баттастырып, өздерінің кімге айналғанын білмей жүр. Осы тұрғыда Әзілхан Нұршайықов ағамыз: «Қазіргі қыздардың түрі, түсі бұрынғы ғасыр қыздарына ұқсағанымен, бұлар ұлттық үлгіден ауытқып бара жатыр. Қазір көптеген қыздар ана тілінен алыстап, ұлттық дәстүр, салт-санадан мақрұм болып барады. Олар үйде де, көшеде де, аудиторияда да, мекемеде де қазақша сөйлеспейді. Радио, теледидардың қазақ тіліндегі хабарларын тыңдамайды... Бір сөзбен айтқанда, қазіргі қазақ қыздарында ұлттық рух жоқ. Қазіргі қыздар тым сәнқой. Сәнқойлығы сондай, көп қыздар жазда ашық-шашық, қыста жалаңбас жүреді «Қарағым-ау, бүйтіп жүріп денсаулығыңды жоясың ғой!» дегің келеді оларға?!... Осының бәрі ұлтымыздың соры екенін ұғынсақ етті. Экономикамыз өсіп келеді, еліміз байып барады дейміз. Рухың өшіп, ұлтың азайып кетсе, ол экономика кімге керек? Не пайда? Осыны да ойлауымыз керек қой!... Ұлттық ұлы жауапкершілік өз мойындарыңда екенін ұмытпаңдар, қыздарым, қарақтарым, қалқаларым!» деп пікір білдірген.

«Қызды тәрбиелегеннің – бір ұрпақты тәрбиелегенің», - деген екен ата- бабамыз. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Өйткені қыз болашақ ұрпақтың анасы. Ұрпақ жалғастығын бәрінен жоғары қою, өле-өлгенше баласына қамқорлық көрсету әлемнің бірқатар елдерінде сақтала бермейтін дәстүр. Атам заманнан келе жатқан салт-дәстүрдің қуанышы мол, қызықтысы – ұлын ұяға қондыру, қызын қияға ұшыру, бір сөзбен айтқанда қыз ұзатып, келін түсіру болған. «Алып анадан туады» дегенді түптей түсінген қазақ елінде Ананы ардақтау, Ананы сыйлау, оның ішінде жаңа түскен жас келінді құметтеу бұзылмас салт-дәстүрге айналған. Ұрпағымыздың бойына ұлттық тәрбиені, имандылық қасиеттерді сіңірсек, халқының әдеп-салтын жақсы білетін, ата-анасын сыйлайтын, ел үшін еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеген боламыз. Пайғамбарымыз Мұхаммед « Кімнің үш қызы болып, оларға дұрыс тәрбие берсе, маңдай терімен тапқанына киіндіріп бақса, олар ( қыздарын тәрбиелеп өсіргені) сол үшін тозақ отынан қалқан болады», - деген. Бұл шынымен де қыз бала тәрбиесінің ата-анаға оңай түспейтіндігін дәлелдейді. Қыз баланың ары мен абыройы, сыры мен сымбатын сақтауы, келешек өміріне даярлығы әрқайсысы өз

алдына дербес тақырып. Халқымызда «бір ұл тәрбиелесең бір әулетті тәрбиелегенің, бір қыз тәрбиелесең бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген дана сөз бар. Қыз баланың болмысын биіктететін, оның тұлғалық ерекшеліктерін айқындайтын тәрбие мен ұлттық құндылықтарды айтар едім. Ана тілімізде «қыз» деген сөз бар. Ол ең қасиетті де, құрметті сөз. Қасиетті болатыны- бүкіл адамзат әйелден тарайды: қыз келін болады, келін - анаға айналады, ал ана-әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. «Қыз - өріс, ұл - қоныс» деп білгендіктен қазекем өрісін кеңейтер қыз балаға айырықша көңіл бөлген. Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тиым» жасайды. Осы тұста қыз тәрбиесіндегі жеңге рөлі де көзден таса болмайды. Бұл байланысты аталарымыз «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді» деп тұжырымдаған.Өйткені әке-шеше айта алмайтын сырды жеңге жеткізеді. Қыздың балғын болмыс-бітімі мен тәрбиесінің басы-қасында аяулы жеңгелер жүреді. Ата-ана қызынан еш нәрсені аямайды. Оның еш нәрседен мұқтажсыз, бұла өсуін қадағалайды. Өйткені қызға бергенді қызыр өтейді деп біледі.Сонымен бірге қазекең қызды бетімен де жібермейді. Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» дей отырып, оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіруді парыз санайды. Олардың ар-ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін ешуақыт ұмытпаған. Содан да болар, бір жағынан «қыз бен жылқы жаудікі» деп қыз тәрбиесіне мейілінше сақ қарайды. Қыз баққаннан қысырақ баққанның оңайлығын» жадынан шығармай баянды отанын тапқанша өзінің, жауапты екенін еш ұмытпаған. Сөйте тұра қызды жағадағы құндыздай күтеді. «Күйеу жаман болса қызыңнан» деуінде үлкен мән бар.Өзінің отбасында керекті тәрбиенің бәрін көріп өскен қыз бала, соған қоса мінезді де қылықты болса, парасатты да пайымды болса екен дейді. Қызын дұрыс тәрбиені алмаған ата-анаға бабаларымыз тағыда «Қызды күте алмаған күң етеді, жібекті түте алмаған жүн етеді» деген. Қыздарымыздың асыл қасиеті, жан-дүниесі нәзік, адал махаббат иесі болғандығын, дәулетке, байлыққа жиһазға қызықпағандығын жыр- дастандардан білеміз. Қазақ қызды махаббат атты асыл сезімді айрықша қастерлеп, аялаған. Сүйген адамымен қол ұстасып бірге жүрсе, тіпті қатықсыз қара көже ішсе де бақыттымын деп, өмірге риза болған. Ұлттық бойындағы бір жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, әдеп-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы, әрине, әйел – ана. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке – бірлігін, туыстық татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да әйел – ана. « Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп», - деген ұлағатты сөз осыдан туса керек. Кең байтақ ұлы даланы мекендеген қара орман халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрінің, мінез-құлықтарының да біркелкі ұқсас болып келуі бұрынғы өткен қасиетті Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі. Қазақтар әдетте елге келін болып түскен қыз өз елінің барлық жақсы қасиеттерін, рухани – моральдық құндылықтарын өзімен бірге ала келіп, табалдырығын аттаған босағасының игілігіне, қала берді бүкіл сол бір қалың елге сіңірген. Бұл жақсы үрдіс, ғибратты кәде бүкіл ұлттық бірлігіне, рухани болмысына игі ықпалын тигізген. Сондықтан да халқымыз қыздарына төрден орын беріп, қонақ деп еркелетіп, парасаттылыққа баулып еркін өсірген. Ерке қыз, иманды әйел, қасиетті ана солардан шыққан. Қазақтың батыл қыздары ақын қыздары, ақылды қыздары ұлтты тәрбиелейді. Пәрәнже – сәтір кимеген, сөйте тұра еркіндік пен есерліктің ара жігін ажырата білген парасатты, тапқыр, төзімді, өнерлі, танысын төбесіне түйіп жауға шапқан

батыр қыздар осы біздің қазақ халқында болған. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» деп қызға сеніммен арқа сүйеу де тек қазақта. Қыздар тәрбиесі қоғамда рухани құндылықтарды, ұлы мұраттарды иманды және инабатты бәсекемен қалыптастырады. Бұл адамның ішкі түйсігіне өрелі қасиеттерді алға шығарады. Сол адамдық қасиеттерді бойына сіңіре білген жандардан тараған ұрпақ ақыл мен алғырлықтың бүкіл бітім-болмысын оданда артығырақ жақсартады. Қызды тәрбиелеу, өсіру, бойжеткізу ең маңызды мәселе. Қыз өсіру гүл өсірумен бірдей! Гүлге әлсін-әлсін су құйып,ауа жеткізіп, арам шөптерден тазартып отыру керек. Бұндай тиянақты күтім болмаса гүл солып қалады. Қыз да сондай. Оған тәлім мен тәрбие, өнер мен өнеге беру маңызды мәселе болып табылады. Әр ата-ана өз қызын өнегелі етіп өсіруге бар күшін салады. әр қыз өз отбасының тәрбиесінен ұядан ұшып, өмір деген үлкен әлемге қанат қағады. Қазақ қыздарына ғасырлар бойы осындай отбасылық тәрбие берумен өсірді. Өткенге қарап отырсақ ата-бабаларымыз қыздарын жақсы келін болуға емес, әр саладағы жақсы мамандар мен бірге «Ана» болуға тәрбиеледі. Болашақ ұрпақтың рухани несібесі бүгінгі қыздарымыздың қолында. Отан үшін қызмет еткен қыз, ең алдымен ана тілінің көзі, бастауы, мөлдір бұлағы. Ана тілі қызбен бірге, өседі. Қыз – Ана тілінің анасы, қоғам қайраткері, әйелсіз ешбір қоғам алға баспайды. Ал әйел тапқан бала - қоғамның жайқалған жемісі. Сол жақсы жемісті өсіретін де - әйел. «Қызға - қырық үйден тию» - деген мақал – ауыл болып, ағайын болып қызға ақыл айту, өсиет айту, өнеге көрсету деген сөз. Олай болса қыз тәрбиесі тек әке мен шешенің ғана емес, ағайын – туыстың, бүкіл ауылдық қоғамның мәселесі болуы тиіс. Қазір «жастар азып барады» , «жастар тәрбиесіз» дегенді жиі айта бастағандаймыз. Біле білсек, бұл жастардың емес, мына біздердің, яғни ата-аналардың, қоғамның қасіреті. Өйткені, нарық қыспағына тап болған, дәулеті шағын отбасынан шыққан жастар тұрмыс тауқыметке көп шалдығады. Сондықтан бұл мәселеде мемлекет, қоғам болып ойланатын жағдайлар тым көп. Мұның өзі үлкен бір тақырыпқа өзек болар ауқымды мәселе дер едік. Жалпы алғанда, аналардың жағдайы, бала тәрбиесі қоғам үшін де қажет. Дені таза, ширақ туып, ширап өскен, сіз – бізбен тілі шыққан, ата-анасын, ағайын-туысын, үлкені сыйлап өскен ұл мен қыз халқымыздың болашағы, қоғамымыздың тұтқасы болмақ. Қыздар – ұлт анасы! Осы ұлт атағына лайық болыңыздар! Ұлт тағдыры қыздарға байланысты екенін ұмытпаңыздар, қазақ қыздары. Болашақ ұлт анасына қамқоршы болыңыздар. Алла тағала қолдаса, бүгінгі қазақ қыздары елін, жерін қорғайтын балуан, батыр, болашақ ұрпақтың асыл анасына айналарына сеніміміз мол. Қазақтың аяулы арулары бүгінді ғана ойламай, болашақты, келешек ұрпақты да ойласа деймін

Дана халқымыз: «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата – ана және қоғам. Сол себепті қыз баласы қашан болмасын тап-таза киініп, шашын таранып, жинақы жүруі керек. Ұлтымыз қазақ деп ұрандағанда, сол ұлттық ұранымыздың ішінде тілі, діні, салт-дәстүрі мен тарихы бірінші ойымызға келеді. Міне, қазақ ұлтын қорғаушы да, қолдаушы да біздің ұл-қыздарымыз. Сондықтан да баланы отбасындағы бесіктен бастап дұрыс тәрбие беріп, түзу жолмен жүргізейік. Уақыт қанша өзгерсе де, қалыптасқан қанымызда бар ибалылық өзгермесін!










«№ 8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жалпы қыздар жиналысының

**ХАТТАМАСЫ №**

Мерзімі: 2024жыл, 22 қазан
Қатысқан оқушылар – 8-11 сынып қыздары
Сынып жетекшілер: 15

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. «Мектеп оқушы қыздарының бірыңғай формасында болуына қол жеткізу» ДТЖО Н.Сапарбеков, М. Адиханбаева
2. «Электронды темекі: Вейп несімен қауіпті?» Педагог – психологтар: К.Байтасова С. Туякбаева
3. « Жыныстық жетілудің кезеңдері» Мектеп медбикесі: А. Сұлтанова
4. «Күз аруы» байқауын өткізу. Тәлімгер Қилыбаева Ш.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша М. Адиханбаева «Мектеп оқушы қыздарының бірыңғай формасында болуына қол жеткізу» тақырыбында баяндама оқыды. Өз баяндамасында мектепке оқушы формасын міндетті түрде киіп келуі, мектептің ішкі тәртібіне бағынуы туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, тазалықты ең басты назарда ұстауларын түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша педагог- психолог С. Туякбаева сөз алды. Қыз бала өзінің әсем қылығымен дүйім жұртты тәнті еткен. Қыз баласын ата-бабаларымыз құрметтеп отырған. Қыз тәрбиесі- қоғам тәрбиесі. Қыз баланы тәрбиелей отырып, біз ұлтты тәрбиелейміз. «Электронды темекі: Вейп несімен қауіпті?» тақырыбында баяндама жасады. Электрондық темекі, бу генераторы, буландырғыш немесе вейп – темекінің орнына арнайы сұйықтық картриджделін қолданатын электронды құрылғы.Темекі шегу процесінде сұйықтық қызады, ал темекі шегетін адам оның буын жұтады.Вейп темекіге тәуелді адамдардың зиянды әдетін тастауға көмектеседі дегенді жиі естиміз. Өндірушілер электронды темекінің түтіні қауіпсіз екенін, ал құрамындағы заттар тәуелділік туғызбайтынын айтады. Алайда дәрігерлердің сөзінше, қазірдің өзінде электронды темекі тәуелділіктің қауіпті атрибутына айналған. Электронды темекінің зиянын түсіндірді.

Жарыс сөзге: 9 «А» сынып оқушысы А.Сейсенбай шығып электронды темекінің зияны туралы түсінгенін айтты.Қазіргі таңда электронды темекілер жасөспірімдердің әдетіне айналып жатқанына көңілі қынжылатынын айтып жеткізді. «Қыз бұзылса- ұлт бұзылады» - деген қазақтың мақалының астарын түбегейлі түсінгендерін айтты.

Сөзді мектеп медбикесі А. Сұлтанова алды. « Жыныстық жетілудің кезеңдері» тақырыбында баяндама оқыды. Қыз баланы- тіршіліктің тірегі, әлемдегі ізгіліктің алтын діңгегі, жарық дүниеде әдемілік пен сұлулықтың тәңірісі деп бағаланған. Жыныстық жетілу барысында ересек адамдарға тән дауыс үні қалыптасады. Қыздарда 11-12 жастан жыныс мүшелері дамиды.Қыздар жеке гигиенаны сақтауы қажет. Сондықтан, қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Тәрбиелі, білімді қыз- қоғамымыздың баға жетпес байлығы. Біріншіден әр адам жеке гигенасын сақтау керек. Біріншіден тазалық сақтап, дене сымбатын бұзбау үшін дене қалпын қадағалау керек. Дененің қалпын үнемі түзу ұстап, үстелде бүйірлей отыру, аяғын астына басу, иіліп отыру зиянды.Үнемі денешынықтыру жаттығуларын жасап, жүрек пен өкпе қызметін жақсартып миды оттегімен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.Үйде ата-аналардың үй шаруасына жәрдемдесу де демалыстың жақсы түрі бола алады.

**Қаулы:**

1. Мектепте қыз балалармен атқарылатын іс- шаралары сапалы – тәрбиелі түрде ұйымдастырылуына мән берілсін.
2. ДТЖО, сынып жетекшілер, педагог- психолог қыз бала тәрбиесіне ата-аналар жауапкершілігін арттыру мақсатында ата- аналарымен түсіндіру және «Қыздар кеңесі» жұмыстары үнемі назарда жүргізілсін.
3. Педагог- психолог және медбике қыз балалардың тәрбиесіне байланысты ерте жыныстық қатынас, ерте жүктілік, туралы алдын –алу жұмыстары сапалы жүзеге асырылсын.

Жиналыс төрайымы: М. Адиханбаева

Хатшы: Ш. Қилыбаева

«№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8-11 сынып оқушы қыздарымен өткізілген жиналыстың
**хаттамасы**

25.02.2025 жыл. Абай ауылы

**Қатысқандар:**

1.Қыздар ұйымының төрайымы М.Адиханбаева.Өмірәлі Мақпал
2.психологтар С.Тұяқбаева.К.Байтасова.
3.»Алатау- Жасұлан» ДЕ акушерлері М.Қожамұратова.У.Буркитова.
4.Мектеп мейірбикелері А.Сұлтанова.Р.Абдиева.
5. Сынып жетекшілер.
6. 8-11 сынып қыздары.

**Күн тәртібінде:**

1. Ерте жүктіліктің алдын алу.
2. Жеке бас тазалығы.

Жиналыста бірінші мәселе бойынша акушерка М.Қожамұратова сөзге шығып,мектеп оқушыларына «Ерте жүктілік дегеніміз не?», «Ерте жүктілік қауіптіме?», «Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?» деген тақырыптар бойынша 1. Жат әдеттен сақтану;2.жуктіліктен сақтану жолдары;3. Ата-анамен,маманмен, сенімді ересектермен әңгімелесу,кеңесу керектігі жайлы баяндама оқыды.

Кезекті сөзге шыққан акушерка У.Буркитова «Ерте жүктіліктің қалай алдын алуға болады?», «Ерте жүктіліктің нәтижесі» деген тақырыптар бойынша қыз баланың физиологиялық тұрғыдан қарағанда, ана болуға әлі дайын емес кезінде ерте жүктілік ауыр асқынуларға, денсаулықтың нашарлануына, сәбидің шала туылуына әкеп соқтыратыны жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Екінші мәселе бойынша мектеп мейірбикелері А.Сұлтанова мен Р. Абдиеваларда жеке бас тазалығы жайлы түсіндірді.

Мектеп психологтары С.Тұяқбаева мен К.Байтасовалар ішкі тәртіп және мектеп формасы жайлы айтып өтті.

Жиналыс төрайымы: М.Өмірәлі
Хатшы: Ш.Килыбаева

«№ 8 Т. Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жалпы қыздар жиналысының

**ХАТТАМАСЫ №**

Мерзімі: 2024 жыл, 22 қараша

Қатысқан оқушылар – 8-11 сынып қыздары
Мектеп мұғалімдері 12
Сынып жетекшілер 15

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1.«Қалай жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болмау керек?» бейнеролик түсіндіру. Педагог – психолог: К. Байтасова
2. «Оқушы қыздар формасы және хиджаб» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу. М. Адиханбаева
3. Түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**
Бірінші мәселе бойынша .«Қалай жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болмау керек?» бейнеролик түсіндіру үшін педагог- психолог К. Байтасова жиналысты бастады. Онда бүгінгі күннің проблемасы тәрбиеден басталып жатқан жайы бар. Біз көз жұма қарап жүрген бұл өзекті мәселенің мән-жайынан қалың көпшілік хабардар. Өрімдей жас қыздардың басына түскен қасірет олардың өмірінде сызат қалдырады. Ашығын айтар болсақ , бұл күні жеткіншек қыздардың оң жақта отырып-ақ құрсақ көтеруі жиіледі. Бұрындары қысылғанда қуыс таппайтын құбылыс енді бір- екі жел сөзге ұласып, жабулы қазан жабулы күйінде қалатын болды. Біреу біреуге ақыл айтып, жөн сілтейтін заман келмеске кетті. Арды жоғары қоятын қыздарымыз жоқ жерден қылық шығаруда. « Қыз он бесте келгенде, шашынан көп жаласы» дегендей бойжеткен қыздың соңынан қашанда сөз еретіні белгілі. Жастықтың дәмін татпай жатып, зәрін тартатын қыздарымыз көбейді. Бұрындары бір кісі «Қызды баққаннан, ешкі бақаным артық» деген екен. Аруларымыз санасыздықтың салдарынан сан соғып қалып жатыр. Бір кездері қыздардың намысын найзамен қорғаса, бүгінде кейбір аруларымыздың ары аяқ астында. Махаббат буына мас болып, ерте ұрынатындар сезімнің жетегінде кетеді де, сол сезімге тағдырын билетеді. Айтайын десе анасынан артық ауыз сөз естігісі келмейді.Сосын өзінше шешім қабылдауға тырысады. Тағдырыма жазылған осы шығар деп жастық шағына балта шабады. Әр күндерің бағалап сабақта жақсы жетістіктерге жетіп, жақсы тәртіптеріңмен ата-аналарыңды қуантып жүріңдер.

Екінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы М.Адиханбаева сөзге шығып, мектеп формасы туралы біраз мәселелерді айтты. Мектеп қабырғасында хиджаб киюге тыйым салынғанын, бұл заң барлығымызға ортақ екенін түсіндірді. Мектепте бекітілген мектеп формасы туралы айтып өтті.

**Жарыс сөзге** М. Өмірәлі сөзге шығып қыздардың тәртібінде өзгерістер байқалатынын қатаң айтып өтті. Қыздар бір жағдай болса түсінбеген болсаң, міндетті түрде мұғаліммен байланыста болуға әрекет жаса, өз сырыңды айтқың келетін мұғаліммен, педагог- психологпен бөліс - деді. Жалғыз жүрмеңдер. Көшеге кешке жалғыз шықпаңдар, жолда да байқап жүріңдер.

Қорыта келе қыздардың жүріс- тұрысы, сөйлеу мәнері, киім киінуі, өзін ұстай білуі қарым-қатынас жасауының өз орны, өз шегі бар екендігі жөнінде кеңестер берді.

**Қаулы:**

1. Мектеп педагог-психологтары қыз балалардың тәрбиесіне байланысты ерте жыныстық қатынас, ерте жүктілік, туралы алдын –алу жұмыстары жандандырылсын.

2. ДТЖО, сынып жетекшілер, педагог- психолог қыз бала тәрбиесіне ата-аналар жауапкершілігін арттыру мақсатында ата- аналарымен түсіндіру, және «Қыздар кеңесі» жұмыстары үнемі назарда жүргізілсін.

3. Әлеуметтік педагог мектеп оқушыларының ата-анасымен байланыс жасауы, оларды бақылау назарда ұсталынсын.

Жиналыс төрайымы: М. Адиханбаева
Хатшы: Ш. Қилыбаева

«№ 8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жалпы қыздар жиналысының

# ХАТТАМАСЫ №

Мерзімі: 2024жыл, 20 желтоқан
Қатысқан оқушылар – 8-11 сынып қыздары
Сынып жетекшілер: 15

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. «Шаш өру – қазақ қызына тән» М. Адиханбаева
2. «Қыз балалардың психикалық саулығын нығайту» Педагог – психологтар: К.Байтасова С. Туякбаева
3. « Қыздар гигиенасы туралы дәрігердің кеңесі» Мектеп медбикесі: А. Сұлтанова

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша М. Адиханбаева «Шаш өру – қазақ қызына тән» тақырыбында баяндама оқыды. Өз баяндамасында шаш қыз баланың сәні екенін туралы баяндама жасады. Шашты өсіру, оның тазалығын сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, тазалықты ең басты назарда ұстауларын түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша педагог- психолог С. Туякбаева сөз алды. «Қыз балалардың психикалық саулығын нығайту» Қыз баласын ата-бабаларымыз құрметтеп отырған. Қыз тәрбиесі- қоғам тәрбиесі. Қыз баланы тәрбиелей отырып, біз ұлтты тәрбиелейміз. Қыздарға әрқашан өздерін жақсы көру керектігін, өзін-өзі басқара алу, өзіне деген сенімділігі жоғары болуы үшін әрқашан сенімді болуы керектігін түсіндірді. Кез-келген жағдайда да өзін мақтай алуға үйретті. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсаиында тренингтер жүргізді.

Жарыс сөзге: 11 «А» сынып оқушысы Н.Балтабай шығып қыз баланың психологиясы нәзік екенін, қандай да бір мәселе туындаса мектеп психологтарынан көмек алуға болатынын түсінгенін айтты.

